

Жамбыл ауданына жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына көтерме жәрдемақы төлеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2009 жылғы 6 тамыздағы № 26-111 шешімі. Алматы облысы Жамбыл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 20 тамызда № 2-7-80 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2010 жылғы 6 қаңтардағы N 32-140 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2010 жылғы 6 қаңтардағы N 32-140 шешімімен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 18 бабының 8 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» № 183 Қаулысына сәйкес Жамбыл аудандық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жамбыл ауданына жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына бюджет қаражаты есебінен 70 (жетпіс) еселенген айлық есептік көрсеткіш көлемінде көтерме жәрдемақы төленсін.

2. «Жамбыл ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Қозбағаров Табылтай Мәжитұлы) жәрдемақының төленуін қамтамасыз етсін.

3. «Жамбыл аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Сансызбаев Дулат Мұратұлы) жәрдемақының қаржыландырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, ғылым, білім беру, мәдениет, тіл және ұлтаралық қатынастар, заңдылық пен құқықтық тәртіпті

сақтау, құқық, азаматтардың бостандығы мен мүдделерін қорғау, депутаттық этика, өкілеттіктер жөніндегі тұрақты комиссиясына (Абаев Әскербек Көкеұлы) ж ү к т е л с і н .

5. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Абаев А.К.

Мәслихат хатшысы

Қазиев Б.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК